Астана қаласы әкімдігінің «№1 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ

КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции № 1» акимата города Астаны

БҰЙРЫҚ

04. 02. 2026

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 13

города Астаны

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды көрсетілетін қызметтерді) жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 5, 6-тармақтарына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 508-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 16-баптың 3-тармағының 28 және 38 тармақшасына сәйкес "Кеңсе кеңістігін жалға беру қызметтері.", "Дизельді генератор қондырғысын ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету.». "Қар жинау және шығару қызметтері.» бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Омурзакова М.А.:

– «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру **қағидаттарын** сақтай отырып өнім берушіні анықтау;

– өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;

– шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.

3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Негіздеме: өндірістік қажеттілік.

Басшы **Г. Кемел**